**1 практикалық сабақ. Пайдалану жерінің ірі масштабтағы планын алу үшін жүргізілетін аэрофототүсіріс жобасын дайындау.**

**Әдістемелік нұсқау.**Объектіде жүргізілетін аэрофототүсірістің техникалық параметрлерін тапсырыс беруші анықтайды және оның құрамына мыналар кіреді:

АФТ масштабы, аэрофотоаппараттың (АФА) фокустық аралығы, АФАтүрі, АФА кадр форматы, аэрофотопленканың түрі, объектінің орналасуы,қону аэропорты; әуе кемесінің (ӘК) техникалық сипаттамасы (крейсерлікжылдамдық, биіктікті алу жылдамдығы, бір рет ұшудың жылдамдығы,минимальды бұрылу радиусы). МЕСТ бойынша аэрофототүсіріс материалдарына техникалық талаптар (Px, Py, объект шекарасын қамтамасызету және т.б.с.).

*Техникалық жобаның бөлімдері.*

Жоба мынадай бөлімдерден тұрады:

I тапсырма.

II бастапқы мәліметтер.

III түсіріс улескілерінің орналасу сызбанұсқасы.

IV ұшу уақытының өнімділігі, түсіріс санын есептеу.

V фотоматериалдардың санын есептеу.